

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ФАРМАЦЕВТИКА АКАДЕМИЯСЫ
«Гигиена – 1, дене шынықтыру және валеология» кафедрасы.

Пәні аты: «Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы»
Мамандық: 5В 110400- «Медициналық-профилактикалық іс»

Дәріс №7
Тақырыбы: Балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайы.
Балалар мен жасөспірімдер денсаулығын сипаттайтын жағдайлардың көрсеткіштері.

Лектор: Жумадилова Ақмарал Рахматуллақызы

Шымкент 2014ж.

Мақсаты: Балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайымен денсаулық критериілерімен және балалардың денсаулық жағдайын кешенді бағалаумен таныстыру.

Балалар мен жасөспірімдер гигиенасының негізгі мақсаты-өсіп келе жатқан өркендердің денсаулығын сақтау және оны нығайту болып табылатындықтан «денсаулық» деген терминнің өзін анықтап алуымыз керек. Бүгінгі күндері адамдардың денсаулығына баға беру, бұл түсініктің біркелкі, дәлелденген анықтамасы болмағандықтан едәуір қиындық туғызады.

Осы күнге дейін жалпы қабылданған анықтамасы жоқ. Бүкілодақтық денсаулық сақтау ұйымының (1958ж) жарлығы бойынша денсаулық деп – ауру-сырқаулар мен физикалық ауытқулардың бар-жоғы ғана емес, сонымен қатар адамдардың толық физикалық, рухани және әлеуметтік қолайлы жағдайларын түсінеміз. Мұндай анықтаманы дұрыс деп айтуға келмейді, өйткені осы анықтамадағы көрсеткіштердің барлығы бірдей денсаулықтың белгісі бола алмайды



Адамдардың денсаулығы оның тұрмыс жағдайының хал-ахуалының жақсы болуына байланысты, бірақ, мұндай факторлар еш уақытта денсаулықтың белгісі бола алмайды. Қоғамдық гигиенистер адамдар денсаулығының белгілеріне 3 топтағы көрсеткіштерді жатқызады:

1. Демографиялық көрсеткіштер (туып көбеюшілік, өлім-жетім, халықтың табиғи өсіп-өнуі, адам өмірінің орташа ұзақтығы және т.б.).

2. Физикалық даму.

3. Ауру-сырқаулық және мүгедектік.

Ауру-сырқаулық және дене даму денсаулық көрсеткіші ретінде талас туғызбайды.

Ең дұрысырақ мәліметтер медициналық терең зерттеу жүргізу кезінде ғана алынады. Оның негізгі мақсаты- емдеу және салауаттандыру шараларын қажет ететін адамдарды анықтау және медицина кадрларының қажеттілігін білу. Жалпы алғанда, тексерудің қорытындысы, барлық өсіп келе жатқан жасөспірімдердің денсаулық жағдайына сипаттама береді.

1.Тексеру кезінде созылмалы ауру-сырқаулардың бар-жоғы маман дәрігерлердің тексеруі арқылы анықталады.

2. Ағзаның негізгі жүйелерінің қызмет жағдайы клиникалық тәсілдер арқылы қажет болған жағдайда, функционалдық сынамаларды пайдалану арқылы анықталады.

3. Ағзаңның сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне қарсыласу мүмкіндігі өткен жылғы жедел аурулардың санына байланысты анықталады.

4. Физикалық даму деңгейі және оның үйлесімділігі.

5. Физикалық даму антропометрлік өлшеулер жүргізіп, стандарттар және бағалау таблицаларын қолдану арқылы анықталады.

6. Психикалық даму деңгейін психоневрологиялық тексеру кезінде анықтайды.

«Денсаулық» сөзінің мағынасы, түсінігі өте кең. Әр ғалым әртүрлі сипаттама анықтама береді. БДДГ-ның анықтамасы бойынша: «Денсаулық - ауру мен оның өзгерістерінің болмауы ғана емес, сонымен қатар толық физикалық, рухани, әлеуметтік қамтамасыз етумен сипатталатын жағдай».

С. М. Громбах балалар мен жасөспірімдердің денсаулығының 4 белгілерін атап көрсетті:

1. тексеру барысында созылмалы аурулары болмауы;
2. физикалық және жүйке жүйесінің даму дәрежесі;
3. ағза жүйелерінің жұмыс қабілеті;
4. қолайсыз әсерлерге ағзаның қарсы тұру қабілетінің деңгейі.

***НАЗАР
АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!***

